

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік Университеті

СӨЖ №3

Орындаған: Жарылқасын Аяулым
Т-441 топ
Тексерген: Серікбаева Н.Б



Семей 2015 жылы



Жоспары:

1. Мәдени мұра- баға жетпес байлық.

2. Тарихи мәдени ескерткіштер – ұлттық тарихымыз пен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері



Әр халықтың қалыптасу, даму жолында өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл тарихи құндылықты зерделеп жарыққа шығару қай мемлекетте болмасын маңызды мәселелердің біріне айналған.

Кеңестер Одағы кезінде өткен тарихымызды зерттеу мүмкін болмады. Сондықтан болар ата-бабамыздың бай мұрасы Түркі Әлемін зерттеуде Ғалымдарымыздың негізгі еңбектері егемендіктен кейін ғана көріне бастады.

Күлтегін ескерткіші



Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ Ғасырлық мәдени мұраларының бірі – **Күлтегін ескерткіші**. Орхон-Енисей жазуына жататын маңыздылығы жағынан баға жетпес құнды дүние.

Күлтегін жыры, парияттық рух беретін батырлық жыры. Мәтінінің негізі Түркі ұлтының тек тарихы ғана емес Күлтегіннің батырлығы мен ерлігін бейнелейді. Кіші жазудың 27-ші бөлімінен арғы қарайғы жазулары тек Күлтегіге арналған. Осы 27-ші бөлімінде Күлтегіннің ағасы Білге қағанның "Інім Күлтегінмен, екі уәзірімен өліп-тіріліп құрадым. Сонды құрап, біріккен халықты от-су қылмадым. Мен өзім қаған болғанда" сөздері жазылған.

Күлтегін жыр жазуы 53 бөлімнен тұрса, соның 27-ден 53-ке дейінгі жазулары, Күлтегіннің батырлығын және оның соғыстарда мол табыстарға жетіп отырғандығынан мағлұмат береді.

Қазіргі уақытта Күлтегінге арнап қойылған ескерткіш мәтіні жазулары 732 жылы, Білге қағанға арнап қойылған құлыптасындағы жазу 735 жылыдары жазылғандығы, басқа да Орхон – Енисей ескерткітеріне жататын көптеген құлыптас жазулардың 716-735 жж. аралығында жазылған деп жорамалдауда.

Күлтегін ескерткіші Түркі халықтарының баға жетпес мәдени байлығы. Бұл құнды дүниені тек Түркі тектес халықтар ғана емес сонымен қоса Әлем Ғалымдарының назарын аударуда. Қазіргі уақытта тарих және тіл білімі саласынан зерттелуде, Әлі талай Ғылыми жаңалықтар туары даусыз.



Мырзатай Жолдасбеков

Күлтегін ескерткішін зерттеуші Ғалым Мырзатай Жолдасбековтың аудармасында:

«Он оқұлым, түргіс қағанынан»

Мақраш таңбашы.

Оғуз Білге таңбашы келді;

Қырғыз қағанынан

Тардуш ынаншы, Чур келді;

Мазар тұрғызуға,

Зер салынған жазба тасты тұрғызуға

Табғаш қағанынан зергершісі

Чаң сеңун келді.

Күлтегін қой жылы, он жетінші күні Өлді.

Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік.

Мазарын, ою - Өрнегін, жазба тасын,

Мешін жылы жетінші айдын жиырма жетісінде тегіз аяқтадық.

Күлтегін Өлгенде қырық жеті жаста еді.»

деп келтіреді.



Күлтегін бабамыздың ел-жұртының қамын жеген ісіне айқын дәлел болатын тарихи жәдігердің көшірмесі 2001 жылы 18 мамырда Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік Университетінде орнатылды. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған **«Байырғы түркі мәдениетінің жазба ескерткіштері»** атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның Қазақстанда өтуі үлкен жетістік болса, геосаяси және этномәдени жағынан түркі тілдес халықтарды жақындастыра түседі.




Ескерткіштің көшірмесін жасауға тікелей атсалысқан, түркі мәдениетін зертеуші Иманғали Тасмағамбетовтың «Елдік пен ерліктің ерекше ескерткіші» деген еңбегінде «Төл тарихымыздың ең көне ескерткіштерінің бірі, түркі жұртының ортақ мақтанышы, ұлы қолбасшы Күлтегіннің құрметіне орнатылған ескерткіштің туған топыраққа оралуы, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей, зор қуаныш екенін» атап көрсетті.




2003 жылы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында ұсынған бағдарлама ретінде «Мәдени мұра» бағдарламасы дүниеге келді. Сол жылғы жолдауында Н.Ә. Назарбаев: «Руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде биыл бірқатар ауқымды жобалардың басын қосатын „Мәдени мұра“ арнаулы орта мерзімді бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді ұсынамын» — деген еді.



«Мәдени мұра» бағдарламасы аса ауқымды жоба ретінде ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді; археологиялық зерттеулерді; қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстарды; сондай-ақ ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыруды, кеңейтілген бейне және жұмыс қатарларын құруды мақсат еткен бірқатар бағыттардан құралған .





Бұл бағдарлама қазірге дейін көптеген нәтижелерге қол жеткізіп, Ғасырлар бойы қаралмай қалып қойған ата-бабаларымыздың мұралары өз өңдеріне келе бастады. «Мәдени мұра» бағдарламасы басталғаннан бері 78 тарихи және мәдени ескерткіштер қалпына келтіріліп, Қожа Ахмет Яссауи Кесенесі мен Тамғалы археологиялық кешені «ЮНЕСКО» Әлемдік мәдени мұрасына кірді. Сонымен қатар Дамаск қаласындағы Сұлтан Әз-Захир Бейбарс кесенесі, Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарс мешітінің реставрациясы және Дамаскідегі әл-Фарабитарихи-мәдени орталығы кесенесінің құрылысы да сәтті аяқталды. Жоба аясында Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения, және, АҚШ пен Батыс Еуропаға ғылыми-зерттеу экспедициялар жіберіліп, Қазақстанның тарихына, этнографиясына және өнеріне байланысты 5 мыңнан астам құнды архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды. Осы құнды тарихи құжаттар арқылы «Мәдени мұра» бағдарлама жұмыстарының нәтижесінде еліміздің бірқатар зерттеу институттарының еңбектері жарық көріп, еліміздің тарих саласындағы оқулықтары мен оқу материалдарын толықтай түсті, бұл келешек ұрпақтарымызға Қазақ елін толық қанды тануға, оның Әлемдегі кезкелген ұлттық мемлекеттерден кем түспейтіндігін дәлелдеуге жол ашып берді. Ал осылардың бәрі Елбасымыздың түпкі мақсаты деп ойлауымызға болады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында елімізде жарық көне құнды еңбектер.



- «Бабалар сөзі»,
- «Қазақ өнерінің тарихы»,
- «Әлемдік әдебиеттану»,
- «Әлемдік өнертану»,
- «Әлемдік фольклортану»,
- «Әлемдік әдебиет кітапханасы»,
- «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы»,
- «Әлемдік философиялық мұра»,
- «Әбу Насыр Әл Фараби»,
- «Қазақ хандығының тарихы мен мәдениеті жөніндегі Қытай мұрағаттарының құжаттары»,
- «Армян дерек көздеріндегі Қазақстан тарихы»,
- «Қазақтың қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері»,
- «Шоқан Уәлихановтың шығармалары»,
- «Византиялық және ежелгі дүние дереккөздеріндегі ұлы дала»,
- «XIX-XX ғасырлардағы Түркістан генерал-губернаторлығы қорының мұрағаттық құжаттарындағы Қазақстан тарихы», т.б томдық – энциклопедиялық

сериялары кіреді. Фото: do.75@gmail.com



«Казакфильм» АҚ киностудиясы ұлттық мәдени мұра және аса маңызды тарихи орындар туралы

- «Мәдени мұра»,
- «Қорқыт. Күй тарихы»,
- «Номадтардың музыкалық мұрасы»,
- «Ежелгі түркістанның сәулет ескерткіштері»,
- «Жүсіп ата кесенесі»,
- «Тамғалы петроглифтері» қатарлы 20 деректі фильмдер түсірді.



Қазақтың дәстүрлі әндері мен мәдениет үлгілерін жүйелендіру бойынша масштабты жұмыс жасалып, «Қазақтың дәстүрлі мың күйі» және «Қазақтың дәстүрлі мың әні» жобалары жүзеге асырылды.



Елбасының 2003 жылғы Қазақстан Халқына Жолдауында ұсынған аталмыш бағдарлама өз еншісіне жеткенмен оның әсері ұзаққа созылмақ. Елбасы осы ауқымды жоба арқылы Қазақстан халқын Әлемге танытып ғана қоймай, Қазақстан халқының өзін-өзі тереңірек тануға жол ашып берді. Ғасырлар бойы жабылып қалған халықтың тарихи жадысы осы бір бағдарламаның бастауымен көптеген тың мағлұматтармен толтырылды. Ал осы ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мағлұматтар Қазақстан халқының мақтаныш сезімдерін оятып, отан сүйгіш сезімдерін күшейте түсті.

Мәдени құндылықтардың тоналуды, олардың зақымдануы кез-келген елдің, халықтың тарихын, мәдениетінің күйреуіне, жоюлуына алып келеді.

Бұл тарихи-мәдени мұралар көне тарихтың куәсі, өткенімізден сыр шетіп, бүгінгі күнге дейін сақталынып жетіп отырған ескерткіштерді қорғау мен сақтау, оларды насихаттау әрбір азаматтың еліне, туған жеріне деген жанашырлығы, мәдени мұраларға деген қамқорлығы болмақ.

